

**"Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағын беру нұсқаулығын бекіту туралы (III сайланған XXII кезекті сессия)**

*Күші жойған*

Павлодар қалалық мәслихатының 2006 жылғы 6 наурыздағы N 16/22 шешімі. Павлодар қаласының әділет басқармасында 2006 жылғы 12 сәуірде N 67 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2009 жылғы 4 маусымдағы N 76/15 шешімімен.

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2009 жылғы 4 маусымдағы N 76/15 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес қалалық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағын беру нұсқаулығы" б е к і т і л с і н .
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың азаматтардың құқықтары мен заңдылықтарын сақтау жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы А. Бахралинов*

*Қалалық мәслихаттың төрағасы В. Лебедь*

Павлодар қалалық мәслихатының  
2006 жылғы 6 наурыздағы  
"Павлодар қаласының құрметті  
азаматы" атағын беру нұсқаулығы  
туралы" N 16/22 шешімімен бекітілді  
(III сайланған XXII кезекті сессия)

**"Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағын беру  
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

**1. Жалпы ереже**

1. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағы қалалық мәслихаттың шешімімен беріледі. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағын беру моралдік ынталардың ең маңыздысы, Қазақстан Республикасы, облыс және қала алдындағы ерекше еңбегін қоғамдық мойындаудың көрінісі болып табылады, патриоттық функцияны орындауға, сонымен қатар Павлодар қаласының тарихында есімдердің сақталуы мақсатында шақырылады.

## **2. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағын беру жөніндегі талаптар**

2. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағы өмірбаяны Павлодар қаласымен байланысты азаматтарға, сонымен қатар оның тұрғындарына:

1) Ұлы Отан соғысы кезеңінде батырлық көрсеткен және ерлік жасағандарға, жоғары мемлекеттік наградалары барларға, сонымен қатар бейбітшілік кезінде кәсіпқорлық міндеттерді немесе азаматтық парызды өтеуде өзіндік ерлік көрсеткендерге;

2) "Халық қаһарманы" айрықша белгімен және Қазақстан Республикасының жоғары наградаларымен марапатталғандарға, егеменді Қазақстанның тәуелсіздігі мен біртұтастығын сақтауға, қаланың дамуына үлкен үлес қосқандарға, жергілікті мемлекеттік басқару саласында өзін көрсеткен, мемлекеттік және саяси қайраткерлерге;

3) экономиканың қаржылық және өнеркәсіптік секторының дамуына айтарлықтай әсер еткен инвестицияларды жұмылдырғаны үшін, Павлодар қаласының әлеуметтік дамуына, экономикалық өсуіне белсенді себепші болған алдыңғы қатардағы технологияларды халық шаруашылығының барлық облыстарында енгізгені және инновациялық қызметі үшін;

4) аймақтағы қоршаған ортаны, қала тұрғындарын сауықтыруға, емдеу-профилактикалық жұмыстарының экономикалық және тиімді түрлерін енгізгені үшін үлес қосқандарға;

5) ғылым, әдебиет, өнер, қызметтің басқа салаларында мемлекеттік сыйлыққа лайықтыларға, көпұлтты Қазақстанның мәдениеті мен салт-дәстүрін насихаттайтын халық шығармашылық көрмелерінің, республикалық және халықаралық конкурстар мен фестивальдарының дипломанттарына;

6) Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа ұрпақтарына азаматтылық, мәдениеттілік пен патриоттық сезімді тәрбиелеуге, сонымен қатар білім сапасын жоғарлатуға және жетілдіруге ерекше үлес қосқандарға;

7) әлем ареналарында отан спортының атағын шығарған республика мен дүниежүзілік чемпионаттарға, олимпиадалық ойындардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне беріледі.

3. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағы шетел азаматтарына олардың еңбектері үшін алғыс ретінде берілуі мүмкін.

4. Атақ берілетін үміткерлер басқа қалалардың және облыстық ауылдың елді мекендерінің құрметті азаматтары болмауы керек.

## **3. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағын беру тәртіптері**

5. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағын беруге кандидатуралар Павлодар қаласының әкімімен ұсынылады.

6. Ұсынылатын кандидатураларға: ерекше еңбектері мен марапаттары көрсетілген өтініш, мінездеме, қызметтік тізім, жариялымдар беріледі.

7. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағына беру туралы өз кандидатурасын ұсынған тұлғалардан түскен өтініштер қарастырылмайды.

8. Бір және сол кандидатқа "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағын беру туралы өтініш өкілдік органдардың шақырылымы кезеңінде екі реттен а р т ы қ е н г і з і л м е й д і .

9. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағы өшірілмеген немесе алынбаған айыбы бар тұлғаға берілуі мүмкін емес.

10. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағын беру туралы шешімнің қабылдануы мен мәселенің қаралуы атаққа ұсынылған тұлғаның қатыспауынсыз ж ү з е г е а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

11. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағын беру туралы шешім қалалық мәслихат сессиясында жасырын дауыс беру арқылы қатысушылардың көп бөлігінің дауысымен қабылданады.

#### **4. Қорытынды ережелер**

12. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағына лайық тұлғалардың құқының қамтамасыз ету бойынша шығындарды қаржыландыру қалалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

13. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағына лайық тұлғалар " Павлодар қаласының құрметті азаматы" айрықша белгісімен марапатталады.

14. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағы куәлікпен бекітіледі.

15. Қаланың құрметті азаматы куәлігі мен кеуделік белгісі салтанатты түрде және дауысталып Павлодар қаласының әкімімен және мәслихат хатшысымен б е р і л е д і .

16. Құрметті азаматтың есімі қалалық мәслихатта сақталатын, Павлодар қаласының құрметті азаматтары Кітабына енгізіледі.

17. Павлодар қаласының құрметті азаматының мекен - жайы бойынша немесе жұмыс істейтін орны бойынша мемориалді тақта орнатылуы мүмкін.

18. "Павлодар қаласының құрметті азаматы" атағынан айыру әкімнің ұсынысы бойынша қалалық мәслихаттың шешімімен мына жағдайларда:

1) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін қылмыс жасағаны үшін құрметті атақты иеленушіні кінәлағанда;

2) құрметті атақты иеленуші үлкен қоғамдық жаңғырысқа әкелген негативті айыптарды жасағанда жүргізілуі мүмкін.